

© КОЛЛЕКТИВ АВТОРОВ, 2016

УДК 61 (07)

М. М. Тусупбекова, Г. Н. Иманбаева, Л. М. Стабаева, Е. В. Гарсиева

## «ПАТОЛОГИЯЛЫҚ АНАТОМИЯ» ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ПӘНІН ОҚИТУ БАРЫСЫНДА КЛИНИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті патологиялық анатомия және №2 хирургиялық аурулар кафедрасы

Оқу үдерісіне тиімді инновациялық білім беру технологияларын және білім алудың қорытынды нәтижесін бағалаудың объективті әдісін енгізу студенттердің интеграциялық білім алуының негізгі ұстанымдарын қолдана отырып, кәсіптік құзыреттілігін қалыптастырумен білім алудың кредиттік түрін енгізумен білім берудің ұстанымдарын ерекшелеп, алға бастайды. Клиникалық ойлауды қалыптастырады, медицинаның теориялық негізін игеруге, емдік-диагностикалық әдістерді кеңінен қолдануға мүмкіндік туады.

*Кілт сөздер:* интеграция, оқыту, сараптама, CBL-әдісі, белсенді оқыту әдістері

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиялық бағдарламасында әлемдегі дамыған отыз мемлекеттің қатарына ену жайында бастамасы халыққа ерекше серпін берді. Осы асқақ мұрат-мақсатты жүзеге асыру үшін Мемлекет басшысы «100 нақты қадам» ұлттық жоспарын ұсынды [4].

Еліміз дамуының жаңа кезеңі барлық салалардың инновациялық-индустриялық дамуына көшуді қарастыратын жаңа міндеттерді алға қойды. Бұл жаңа талаптарға сәйкес білім беру жүйесінің өзгерістерін талап етті. Осы мақсаттарды іске асыру үшін 2011 жылы Мемлекет басшысы Білім беруді дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасын бекітті. Бұл стратегиялық құжатта Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының 2011-2020 жылдарға арналған білім беру саласының ұйымдастыру негізі қаланды. Сонымен бірге тиімді адами капиталды құру, инновациялық жобаларды іске асыру үшін жоғары білікті кадрларды тәрбиелеу және жаңа технологияларды құруға ерекше назар аударылды [3].

Президент білім беру жүйесін жаңғырту бағытында алдымызға ұлан-ғайыр міндеттер қойды. Оқыту үрдісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу уақыт талабы екенін ұғынатын мезгіл жетті. Сонда ғана қазақстандық білім беру жүйесі одан әрі өркендеп, халықаралық стандарттарға теңесетін болады. Елбасы Қазақстан халқына арналған Жолдауында оқу үдерісіне осы заманғы әдістеме мен ақпаратты технологияны енгізу қажеттігін атап көрсетті. Бүгінде оқу-әдістемелік базаны кредиттік технологиясыз көзге елестетудің өзі қиын. Оқу үрдісіне оқытудың интерактивті технологиясын енгізу, оның ішінде, бейнеконтентпен қашықтықтан

оқыту технологиясын қолдану, инженерлік-техникалық мамандықтар бойынша материалдық-техникалық базаны нығайту, электронды оқу залдарының санын көбейту, ғылыми-зерттеулерді ұйымдастыру кеңінен жалғасып келеді.

Халықаралық білім нарығында мамандар даярлау талаптарының өзгеруі және оқу-білім беру үдерісінде инновациялық технологияларды кеңінен енгізу жоғарғы білім беру және медицинадағы ғылыми –техникалық дамуды белсенді қолдау аясында мемлекеттік стратегиялар алдында жаңа мақсаттар қояды. Оқу үдерісіне тиімді инновациялық білім беру технологияларын және білім алудың соңғы нәтижесін бағалаудың объективті әдісін енгізу студенттердің интеграциялық білім алуының негізгі ұстанымдарын қолдана отырып, кәсіптік құзыреттілігін қалыптастырумен білім алудың кредиттік түрін енгізумен білім берудің ұстанымдарын ерекшелеп, алға бастайды. Заманауи технологияларды қолдана отырып оқу үдерісін ұйымдастыру студенттердің тәжірибелік дағдысын жетілдіруге мүмкіндік береді. Ұсынылған жағдайлық есепті мысалға ала отырып, клиникалық ойлауды қалыптастырады, медицинаның теориялық негізін игеруге, емдік-диагностикалық әдістерді кеңінен қолдануға мүмкіндік туады [1].

Денсаулық сақтау саласында Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі талаптары халықаралық деңгейде қолданысқа ие заманауи ғылымның дамуына үлес қосатын, жоғары білікті маман даярлау. Жаңа маманның қалыптасуының маңызды бөлшегі жоғарғы оқу орнындағы білім берудің түрі және дәстүрі, студенттердің оқып, білім алуының жетілуі, заманауи білім алу үдерісіндегі инновациялық әдістерді қолдану және оны бақылау әдісі. Студенттерде негізгі

медициналық пәндерді меңгеруге деген ынтасын және қызығушылығын қалыптастыру. Бұл игерген білім арқылы нақты клиникалық мәселені шешуге мүмкіндік туындайды. Интеграцияланған оқу бағдарламалары фундаментальды және клиникалық ғылымдардың арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Интеграцияланған білім беру болашақ дәрігерлерге клиникалық жағдай бойынша толық көрініс алу үшін және әр нақты науқасқа өзіндік ем тағайындауға көмек береді [2].

Кредиттік технология бойынша интеграциялық білім алу ұстанымдарын қолданып пән аралық тәжірибелік сабақты өткізу медициналық ЖОО түлектеріне құзыреттілігін дамытуға қажет коммуникативті дағдыларды, үнемі өзін-өзі дамыту дағдысын, топта жұмыс істей білу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді [5].

Дәрістік материалдардың пән аралық интеграциясы екі жолмен жүзеге асады. Біріншісінде бірнеше пән бойынша мұғалімдер дәріс оқыйды. «Патологиялық анатомия-2» бойынша 8 модульден интеграциялық дәріс (бүйректің гломерулярлы аурулары; өкпенің жедел қабыну аурулары; ойық жара ауруы; цереброваскулярлы аурулар; атеросклероздың клиника-морфологиялық формалары; эндокринді жүйе аурулары; гипертензиялық аурулар) оқылады. Интеграциялық дәрістің мақсаты, патологиялық үрдістің дамуының себеп-салдарлық байланысына негізделеді. Әр дәріскер берілген уақыт (әр пәнге 25 минут) ішінде мәселе бойынша өз материалдарын талқыға салады, берілген нозологиялық форма бойынша басқа пәндерде ұсынылған материалдарды қайталамай заманауи түсініктемелер береді. Интеграция бойынша дәріс қалыптыдан патологияға, себептен дамуға (патологиялық физиология-2) деген қағида бойынша құрастырылады. Әрі қарай басты клиникалық симптомдар, зерттеу әдістері, патологиялық үрдістің диагностикасы бойынша талқыланады (ішкі аурулар пропедевтикасы, сәулелік диагностика), емдеудің негізгі ұстанымдарымен аяқталады (фармакология -2).

Оқу үдерісінің басты бөлімі болып тәжірибелік сабақ саналады. Интеграция әр түрлі пәндер бойынша материалдың кезектілігін сақтай отырып күнтізбелік-тақырыптық жоспарды құрастырудан басталады. Материалдың қайталануына жол бермеген жөн, сонымен қатар бірнеше нұсқада берілген сұрақ-жауаптарын мазмұндайтын клиникалық тапсырмаларды қолдану.

Морфологиялық пәндер бойынша тәжірибелік сабақ білім алудың заманауи әдістерінің екі түрін қолдану арқылы жүзеге асады: «CBL әдісі» - Case-Based Learning клиникалық жағдай немесе өзекті мәселе негізінде оқыту жүргізіледі, екіншісі - «TBL әдісі» - Team-Based Learning, топпен жұмыс жасау әдісі қолданылады.

Патологиялық анатомия және №2 хирургиялық аурулар кафедрасында белсенді білім алудың мынадай формалары тиімді қолданысқа ие: CBL (Case - Based Learning) әдісі клиникалық жағдай немесе өзекті мәселе негізінде оқыту жүргізіледі, TBL (Team-Based Learning) немесе топты-бағытталған оқыту әдісі, ментальды карта құрастыру әдісі (майндмэпп, mindmap).

Патологиялық анатомия және №2 хирургиялық аурулар кафедрасында CBL технологиясы «Патологиялық анатомия 2» пәні бойынша «Жалпы медицина» факультетінің 3 курс студенттерінің білім алу барысында қолданылады. Бұл белсенді оқу тәсілін енгізу үшін барлық мұғалімдер CBL технологиясы бойынша арнайы дайындықтан өткен. Әдістемелік қамтамасыз ету білім алушыларға арналған клиникалық жағдаймен ұсынылған, онда сабақтың тақырыбы, клиникалық жағдайдың мазмұны, талқылауға арналған сұрақтар, оқытушыларға арналған берілген сұрақтардың жауабымен клиникалық жағдай, құрастырылған патологанатомиялық диагноз көрсетілген. Базистік білімді бақылау формасы- тест түрінде, құрылымдық өзгерістердің микросуреттері, электронды интерактивті жиынтықтағы мәліметтерді игерп, сараптау; микропрепараттар, макропрепараттар.

Осы технология бойынша студенттердің пікірін білу мақсатында жасырын сауалнама жүргізілді. Оның ішінен 50 адам топта жұмыс жасау барысында материалды игеру оңай деген шешімге келген, 15-мәселені шешу барысында қорқыныш сезімінің азайғанын, ал 25 адам клиника жағдайына неғұрлым жақындау болашақта диагностика және емдеу мәселелерін шешуде оң нәтиже беретіндігіне сенімді. Сонымен қатар 3 адам олардың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты топта жұмыс жасау жеке жұмыс жасауға қарағанда нәтижесіз деп тапқан.

Осыған орай CBL, өзін-өзі бағалау, сараптау дағдысын, шағын топта жұмыс жасай білу дағдыларын дамыта отырып, белсенді білім алу технологиясының ең тиімді заманауи педогогикалық үдерістің құралы болып табылады.

Топты-бағытталған оқыту әдісі (TBL) мәселені шешуге білімді қолдана отырып материалды игеруге терең түсінік қалыптастырады. CBL әдісі, TBL әдісі сияқты білім алуға деген құлшынысты жоғарлатады, коммуникативті дағдыларды және топта жұмыс жасау дағдысын қалыптастырады.

Майнд мэппингті қолдану көлемді оқу материалдарын түсінуді және конспектілеуді жеңілдетеді, себебі ұғым аралық ойлау байланыстарын анықтай отырып иерархиядағы байланыстың құрылымын елестетуге мүмкіндік береді, сонымен қатар толық түсінікті қалыптастыру үшін ассоциативті мысалдар қосылған.

Қазіргі кезде патологиялық анатомия пәнін оқыту барысында қажетті материалдарды көрсету, ой қалыптастыру, жіктеу, морфогенездік сызбаларды көрсету, анық және тура көрсету үшін мониторда көрсетуге мультимедиялық аспап қолданылады, салыстырмалы нәтижелердің қағидалары мен дифференциалды диагностиканың әртүрлі патологиялық үрдістерін пайдалана отырып, макро- және микроскопиялық өзгерістерді анық және көрнекті етіп көрсетеді.

Студенттердің өздік жұмысы мен тәжірбиелік жұмыстарында «LEICA DM 1000» атты компьютерленген микроскоп, микросуреттері бар CD-атласы, әртүрлі патологиялық үдерістердің макро- және микропрепараттарының электрондық демонстрациялық базалары және оқулық фильмдері, оқу материалының игеру дәрежесін жоғарылататын қазақ тіліндегі оқулықтар мен презентациялардың электрондық түрі қолданылады. Сонымен қатар, ғылыми патоморфологиялық лабораторияларында иммунофлюоресцентті және заманауи бинокулярлы, патологиялық үрдістің құрылымы мен гистологиялық материалдың өңдеу негізін терең түсінуге мүмкіндік беретін, бояуы мен ретімен жүргізілетін гистологиялық материалдардың автоматтандырған жүйесі орналасқан.

Кредиттік технология бойынша интеграциялық білім беру ұстанымдарын қолдана отырып пән аралық тәжірбиелік сабақты жүргізу, медициналық оқу орндарында білім алатын студенттердің клиникалық ойлауын, оны құрастыру мүмкіншіліктерін ашады, нақты клиникалық жағдайды мысалға ала отырып патологиялық үдеріске объективті баға берп, клиникалық мамандықтар бойынша кәсіби түрде даярлау жүргізіледі. Заманауи инновациялық технологияларды тек оқу

үдерісінде ғана емес, сонымен қатар жоғары мамандандырылған, халықаралық нарық талабына сай, бәсекеге қабілетті маман даярлауда кең көлемде қолдану мүмкіндігі оң нәтиже беріп отыр.

Оқу үдерісінде белсенді оқу әдістерін қолдану, интеграциялық оқыту ұстанымдарын қолдана отырып пән аралық тәжірбиелік сабақтарды жүргізу студенттердің білім алуға деген құлшыныстарын жоғарлатып, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді, жоғары мамандандырылған үнемі даму үстіндегі маман даярлаудың талаптарына жауап береді.

### ӘДИБИЕТ

1 Внедрение инновационных форм обучения в учебный процесс по морфологическим дисциплинам /М. М. Тусупбекова, А. В. Куркин, С. К. Жумабаева и др. //Морфология и доказательная медицина. – 2014. – №3-4. – С. 41-44.

2 Жаугашева С. К. Кредитные технологии в образовательном процессе Карагандинского государственного медицинского университета с использованием принципов интегрированного обучения /С. К. Жаугашева, М. М. Тусупбекова, С. Б. Жаутикова //Медицина и экология. – 2014. – №4(73). – С. 53-54.

3 Инновационные технологии в обучении и оценке учебных достижений студентов Карагандинского государственного медицинского университета /М. К. Телеуов, Р. С. Досмагамбетова, В. Б. Молотов-Лучанский и др. – Караганда, 2010. – С. 10-85.

4 Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдардағы білімді дамытудың МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ. <http://www.edu.gov.kz>

5 Костылева О. А. Применение обучения, основанного на клиническом случае, при преподавании дисциплины «Патологическая анатомия» /О. А. Костылева, Д. Л. Косицын, Н. Б. Ким //Матер. междунар. науч.-практ. конф. «Наука и образование в XXI веке». – Тамбов: Изд-во ТРОО «Бизнес-Наука-Общество», 2013. – С. 88-89.

### REFERENCES

1 Introduction of innovative forms of learning in the educational process on morphological disciplines /M. M. Tussupbekova, A. V. Kurkin, S. K. Zhumabaeva, et al. //Morphology and evidence-based medicine. – 2014. – No. 3-4. – Pp. 41-44. (in Russian)

2 Zhaugasheva S. K. Credit technology in the educational process of Karaganda state medical university using the integrated training princi-

ple /S. K. Zhaugasheva, M. M. Tusupbekova, S. B. Zhautikova //Medicine and Ecology. – 2014. – No. 4 (73). – Pp. 53-54. (in Russian)

3 Innovative technologies in teaching and assessment of educational achievements of students of Karaganda state medical university /M. K. Teleuov, R. S. Dosmagambetova, V. B. Molotov-Luchanskii, etc. – Karaganda, 2010. – Pp. 10-85. (in Russian)

4 The Republic of Kazakhstan National program of education development on 2011-2020.

<http://www.edu.gov.kz>(in Russian)

5 Kostyleva O. A. Application of learning based on the clinical case, the teaching of discipline «Pathoanatomy» /O. A. Kostyleva, D. L. Kositsyn, N. B. Kim //Proceedings of intern. scientific-practical conf. «Science and education in XXI century». – Tambov: Publishing house «Business-Science-Society», 2013. – Pp. 88-89. (in Russian)

Поступила 14.03.2016 Г.

*M. M. Tussupbekova, G. N. Imanbayeva, L. M. Stabayeva, Ye. V. Garsiyeva*  
*SYSTEMIC USE OF ACTIVE LEARNING METHODS IN TEACHING INTEGRATED DISCIPLINE «PATHOLOGY»*  
*Karaganda state medical university*

The introduction of the learning process of effective and innovative educational technologies and methods for the objective evaluation of learning outcomes allows to shift the focus of teaching with the introduction of credit form of training with the basic principles of integrated education of students with formation of professional competence. Organization of educational process allows students to develop their practical skills forming clinical thinking.

*Key words:* integration, education, analysis, active learning methods.

*M. M. Тусупбекова, Г. Н. Иманбаева, Л. М. Стабаева, Е. В. Гарсиева*  
*СИСТЕМНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ АКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ ПРИ ПРЕПОДАВАНИИ*  
*ИНТЕГРИРОВАННОЙ ДИСЦИПЛИНЫ «ПАТОЛОГИЧЕСКАЯ АНАТОМИЯ»*  
*Карагандинский государственный медицинский университет*

Внедрение в учебный процесс эффективных инновационных образовательных технологий и объективных методов оценки конечных результатов обучения, а также внедрение кредитной формы обучения позволяет сместить акценты в преподавании, использовать основные принципы интегрированного обучения студентов с формированием профессиональной компетентности. Организация учебного процесса позволяет студентам отрабатывать практические навыки и умения, формируя клиническое мышление.

*Ключевые слова:* интеграция, обучение, анализ, CBL -метод, активные методы обучения.